

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 80-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 520-қосымша

**Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған  
5-сыныбы үшін «Айналадағы әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы  
ұлгілік оқу бағдарламасы**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-сыныбы үшін «Айналадағы әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы ұлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Айналадағы әлем» пәнін оқу мақсаты – білім алушыларға табиғат туралы қарапайым түсінікті менгерту, олардың табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсініктерін жинақтау және жүйелеу, алған білімді күнделікті өмірде қолдана білулерін дамыту.

3. «Айналадағы әлем» пәні бойынша келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- 1) жалпы және сөйлеу тілі дамуындағы кемшіліктерді түзету;
- 2) танымдық әрекеттерді дамыту;
- 3) қоршаған әлем туралы түсініктерді кенейту және байыту;
- 4) негізгі оқу пәндерін оқу барысында қажетті қарапайым түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру;
- 5) көру, салыстыру, жинақтау, нақтылау, қарапайым тұжырымдама жасау, қарапайым себеп-салдарлық байланысты табу қабілетін дамыту;
- 6) білім алушылардың сөздік қорын байыту;
- 7) әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру;
- 8) өз халқының, әртүрлі халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүріне, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға деген сыйласымдылық сезімін қалыптастыру;